

Қазақстан Республикасының азаматтығы, Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалту мен одан айыру және Қазақстан Республикасының азаматтығына жататындығын айқындау мәселелері бойынша өтініштерді Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерінің қабылдау, ресімдеу және қарау қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2017 жылғы 15 қыркүйектегі № 11-1-2/420 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 12 қазанда № 15884 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Сыртқы істер министрінің м.а. 17.11.2022 № 11-1-4/611 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының азаматтығы, Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалту мен одан айыру және Қазақстан Республикасының азаматтығына жататындығын айқындау мәселелері бойынша өтініштерді Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерінің қабылдау, ресімдеу және қарау қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Консулдық қызмет департаменті:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерінің баспа және электрондық түрде Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. "Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты тұратын адамдардан Қазақстан Республикасының азаматтығы мәселелері жөнінде өтініштер қабылдау және оларды қажетті құжаттармен бірге Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына жіберу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің

міндетін атқарушының 2016 жылғы 9 желтоқсандағы № 11-1-2/585 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14797 болып тіркелген, 2017 жылғы 9 наурызда Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің бірінші орынбасары М. Б. Тілеубердіге жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрі

Қ. Әбдірахманов

"Келісілді"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық қауіпсіздік

комитетінің төрағасы

_____ К. Мәсімов

2017 жылғы 20 қыркүйек

"Келісілді"

Қазақстан Республикасы

Ішкі істер министрі

_____ Қ. Қасымов

2017 жылғы 18 қыркүйек

Қазақстан Республикасы
Сыртқы істер министрінің
2017 жылғы 15 қыркүйектегі
№ 11-1-2/420 бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының азаматтығы, Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалту мен одан айыру және Қазақстан Республикасының азаматтығына жататындығын айқындау мәселелері бойынша өтініштерді Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерінің қабылдау, ресімдеу және қарау қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының азаматтығы, Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалту мен одан айыру және Қазақстан Республикасының азаматтығына жататындығын айқындау мәселелері бойынша өтініштерді Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерінің қабылдау, ресімдеу және қарау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 31-бабына сәйкес әзірленген және Қазақстан Республикасының азаматтығы, Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалту мен одан айыру және Қазақстан Республикасының азаматтығына жататындығын айқындау

мәселелері бойынша өтініштерді Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерінің қабылдау, ресімдеу және қарау тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Сыртқы істер министрінің м.а. 17.11.2022 № 11-1-4/611 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелері (бұдан әрі – шет елдердегі мекемелер):

1) Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты тұратын адамдардан Қазақстан Республикасының азаматтығы мәселелері жөнінде өтініштер қабылдайды, Қазақстан Республикасының азаматтығы мәселелері бойынша құжаттарға қорытындылар жасайды, азаматтық мәселелер бойынша өтініш өтініш білдірген азаматтар (бұдан әрі – өтініш беруші) туралы мәліметтерді "Бүркіт" бірыңғай ақпараттық жүйесіне (бұдан әрі – "Бүркіт" БАЖ) енгізеді, Қазақстан Республикасының азаматтығы мәселелері бойынша құжаттарды Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне (бұдан әрі – Министрлік) жолдайды және Қазақстан Республикасының азаматтығы мәселелері жөнінде өтініштер бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің шешімі туралы өтініш берушілерді хабардар етеді;

2) Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты тұратын адамдардың Қазақстан Республикасы азаматтығына жататындығын айқындау;

3) Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты тұратын адамдардың Қазақстан Республикасы азаматтығын жоғалтуды тіркейді;

4) Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде тұрақты тұрып жатқан адамдардың Қазақстан Республикасының азаматтығынан айыруды тіркейді.

3. Министрлік Қазақстан Республикасының азаматтығы мәселелері бойынша шет елдердегі мекемелер ресімдеген құжаттарға соңғы қорытындыларды жасайды, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік Комитетімен (бұдан әрі – Ұлттық қауіпсіздік комитеті) келісілген Қазақстан Республикасының азаматтығы мәселелері бойынша құжаттарды Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Азаматтық мәселелері жөніндегі комиссияға жолдайды және Қазақстан Республикасының азаматтығы мәселелері жөніндегі өтініштер бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің шешімі туралы шет елдердегі мекемелерді хабардар етеді.

2-тарау. Қазақстан Республикасының азаматтығы мәселелері жөнінде өтініштер қабылдау § 1-параграф. Қазақстан Республикасының азаматтығы мәселелері жөнінде өтініш беру және құжаттарды ресімдеу тәртібі

4. Қазақстан Республикасының азаматтығы мәселелері жөнінде өтініштерге (бұдан әрі – азаматтық мәселелер жөніндегі өтініштер):

1) Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы өтініштер;

2) Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру туралы өтініштер;

3) Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу туралы өтініштер жатады.

5. Азаматтық мәселелері жөніндегі өтініштер еркін нысанда жасалады және шет елдердегі мекемелерде олар түскеннен кейін 30 күнтізбелік күн ішінде тіркелуге және қаралуға жатады.

Өтініштерді қараудың жалпы мерзімі құжаттардың толық топтамасы ұсынылған күннен бастап 6 айдан аспауы тиіс.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Сыртқы істер министрінің м.а. 17.11.2022 № 11-1-4/611 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Азаматтық мәселелері жөніндегі өтініштерді шет елдердегі мекемелерге Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты тұратын адамдардың өздері ұсынады.

7. 18 жасқа толмаған, сондай-ақ қабілеті жоқ деп танылған адамдарға қатысты азаматтық мәселелері жөніндегі өтініштер олардың нотариалды куәландырылған заңды өкілдерінің өтініштері бойынша, басқа мемлекеттерде –баланың тууы туралы куәлігінің көшірмесі (асырап алушылар, қорғаншылар және қамқоршылар Қазақстан Республикасының жергілікті атқару органы шешімінің көшірмесін тапсырады) не іс-әрекетке қабілетсіз адамның жеке басын куәландыратын құжатпен бірге, шет елдердегі мекемелер куәландырған өтініш бойынша қаралады.

14 жастан 18 жасқа дейінгі баланың азаматтығын өзгерту мәселесі жөніндегі өтінішті ұсынған жағдайда, оның нотариалды куәландырылған, басқа мемлекеттерде – шет елдегі мекеме куәландырған жазбаша түрде білдірген келісімі қажет.

8. Осы Қағидаларда көзделген құжаттар мемлекеттік немесе орыс тілінде немесе мемлекеттік не орыс тіліндегі нотариалды куәландырылған аудармасы бар басқа тілде жасалуы тиіс.

8-1. Өтініш беруші тізімге сәйкес құжаттардың толық емес топтамасын және (немесе) осы Қағидаларда көрсетілген талаптарға сәйкес келмейтін құжаттарды ұсынған жағдайда, консулдық лауазымды адам өтініш келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде ол туралы өтініш берушіге хабарлайды.

Құжаттарды сәйкес келтіру мерзімі консулдық лауазымды адам өтініш берушіге хабарлаған күннен бастап екі жұмыс күнін құрайды.

Өтініш беруші осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілген мерзімде құжаттарды талаптарға сәйкес келтірмеген жағдайда, консулдық лауазымды адам оларды қайтарып береді. Құжаттарды қайтару өтініш берушінің қайтадан жүгінуіне кедергі болмайды.

Өтініш беруші құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда, консулдық лауазымды адам қабылданған құжаттарды осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен қарайды.

Ескерту. Қағида 8-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Сыртқы істер министрінің м.а. 17.11.2022 № 11-1-4/611 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Азаматтық мәселелері жөнінде қарастыруға ұсынылған өтініштерге қатысты шет елдердегі мекемелер осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қорытындылар жасайды.

Өтініш берушінің отбасының әрбір мүшесіне жеке қорытынды жасалады.

10. Азаматтық мәселелері жөніндегі өтініштер бойынша қорытындылар жасалғаннан кейін шет елдердегі мекемелер енгізілетін ақпараттың толық болуын қамтамасыз ете отырып, өтініш беруші туралы мәліметтерді "Бүркіт" БАЖ-ға енгізеді.

11. Ұлттық қауіпсіздік комитеті шет елдердегі мекемелер енгізген өтініш берушілер туралы мәліметтерді "Бүркіт" БАЖ-да қарастыруды және келісуді жүзеге асырады. Шет елдердегі мекемелер "Бүркіт" БАЖ-да өтініш берушілер туралы ақпараттың толық болуын қамтамасыз етпеген жағдайда, Ұлттық қауіпсіздік комитеті "Бүркіт" БАЖ-ға өтініш берушілер туралы енгізілген мәліметтерді пысықтау қажеттігі туралы жазбаны енгізеді.

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің "Бүркіт" БАЖ-ға жазба енгізуі арқылы орындалған сұрауы бойынша Министрлік өтініштің мәніне байланысты осы Қағидалардың 2-тарауының 2 және 3-параграфтарында қарастырылған құжаттарды Ұлттық қауіпсіздік комитетіне келісуге қағаз түрінде жолдайды.

12. Шет елдердегі мекемелер өздерінің қорытындылары мен азаматтық мәселелері бойынша ресімделген құжаттарды Ұлттық қауіпсіздік комитетімен "Бүркіт" БАЖ арқылы келісілгеннен кейін Министрлікке жолдайды.

13. Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 10 қазандағы № 198 Жарлығымен Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Азаматтық мәселелер жөніндегі Комиссия туралы ереженің 23-тармағына сәйкес, азаматтықты өзгерту туралы өтініштер жөніндегі материалдарды қарау мерзімі шет елдердегі мекемелерде, Министрлікте және Ұлттық қауіпсіздік комитетінде осы органдардың әрқайсысында бір айдан аспауға тиіс.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Сыртқы істер министрінің 29.05.2020 № 11-1-4/178 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Шет елдердегі мекемелер жолдаған азаматтық мәселелері жөніндегі құжаттар негізінде Министрлік Қазақстан Республикасы аумағының шегінен тыс жерлерде тұрақты тұратын әрбір арыз берушіні Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдаудың немесе оны қалпына келтірудің мүмкіндігі немесе мүмкін еместігі туралы, оның ішінде оны Қазақстан Республикасында еңбекке, тұрғын үйге және өзге де орналастыру мүмкіндігі туралы қорытындыны Қазақстан Республикасының Президентінің қарауына жолдайды.

Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу туралы өтініштер бойынша қорытындыларда азаматтардың немесе ұйымдардың елеулі мүдделерімен байланысты өтініш берушінің мемлекет алдындағы орындалмаған міндеттемелері немесе оның

мүліктік міндеттемелері туралы, оның қылмыстық қудалануы, сотталғандығы не оның заңды күшіне енген сот үкімі бойынша жазасын өтеуі туралы не осы адамның азаматтықтан шығуы Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігінің мүдделеріне қайшы келетіні туралы нақты мәліметтер хабарланады.

14-1. Азаматтық мәселелері жөнінде өтініштер бойынша құжаттарды ресімдеуден мынадай негіздер бойынша өтініш берушіге бас тартылуы мүмкін:

1) өтініш берушінің құжаттарды ресімдеу үшін талап етілетін "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы;

2) өтініш берушіге қатысты азаматтық мәселелері бойынша құжаттарды ресімдеуді талап ететін қызметке немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;

3) өтініш берушіге қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде өтініш берушінің азаматтық мәселелерімен байланысты құқығынан айырылуы;

4) егер Қазақстан Республикасы азаматтығынан шығу туралы өтініш жасаушы адамның Қазақстан Республикасы алдындағы міндеттемелерінің немесе мүліктік міндеттемелерінің орындалмағандары болып, олармен азаматтардың немесе Қазақстан Республикасы аумағында орналасқан кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың, қоғамдық бірлестіктердің елеулі мүдделері байланысты болса;

5) егер Қазақстан Республикасы азаматтығынан шығу туралы өтінішхат берген адамға қатысты күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулы жария етілсе не ол заңды күшіне енген соттың үкімі бойынша жазасын өтеп жүрсе немесе адамның Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуы Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігінің мүдделеріне қайшы келсе;

6) Заңның 17-бабында қарастырылған жағдайларда.

Ескерту. Қағида 14-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Сыртқы істер министрінің 29.05.2020 № 11-1-4/178 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Сыртқы істер министрінің м.а. 17.11.2022 № 11-1-4/611 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

14-2. Азаматтық мәселелері жөнінде өтініштер бойынша құжаттарды ресімдеуден бас тартылған жағдайда консулдық лауазымды адам шешім қабылданғанға дейін кемінде үш жұмыс күні бұрын өтініш берушіні қабылданатын шешім туралы хабардар етуге және өтініш берушіге өз ұстанымын білдіруге мүмкіндік беруге міндетті. Тыңдау хабарланған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей өткізіледі.

Өтініш берушінің консулдық лауазымды адамның шешіміне қарсылық білдіру құқығы Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 73 және 74-баптарында белгіленген тәртіппен оны тыңдау жолымен жүзеге асырылады.

Ескерту. Қағида 14-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Сыртқы істер министрінің 29.05.2020 № 11-1-4/178 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Сыртқы істер министрінің м.а. 17.11.2022 № 11-1-4/611 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

14-3. Азаматтық мәселелері бойынша өтініш қабылдаудан негізсіз бас тартуға, өтініштерді қарау мерзімдерінің бұзылуына, сондай-ақ консулдық лауазымды адамның азаматтық туралы істерді қарау тәртібін және азаматтық мәселелері бойынша шешімдерді орындау тәртібін бұзатын басқа да құқыққа сыйымсыз әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 13-бөлімінде белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

Ескерту. Қағида 14-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Сыртқы істер министрінің м.а. 17.11.2022 № 11-1-4/611 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

§ 2-параграф. Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау және Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру үшін қажетті құжаттар

15. Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты тұратын кәмелетке толмағандар, іс-әрекетке қабілетсіз және Қазақстан Республикасының алдында ерекше еңбек сіңірген адамдар немесе Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 6 маусымдағы № 1587 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдаудың оңайлатылған тәртібі белгіленетін адамдар үшін кәсіптердің тізбесіне (бұдан әрі - тізбе) және оларға қойылатын талаптарға сәйкес келетін адамдар мен олардың отбасы мүшелері шет елдердегі мекемелер арқылы Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы өтінішіне қосымша болу елінің құзыретті органдары ресімдеген мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сауалнама- өтініш;
- 2) өмірбаян (өз қолымен жазылған);
- 3) 3,5 x 4,5 көлемінде фотосурет;
- 4) Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты тұруын растайтын құжат;
- 5) соттылығының болуы немесе болмауы туралы апостильденген немесе заңдастырылған анықтама;
- 6) тиісті мемлекеттің құзыретті органы берген басқа мемлекеттің азаматтығының жоқтығы немесе тоқтатылғандығы туралы апостильденген немесе заңдастырылған анықтама;
- 7) балаларының туу туралы және неке қию туралы куәліктерінің (бар болған жағдайда) көшірмелері;

8) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы" Заңның 1-бабында көзделген шарттарды сақтау туралы өтініш-келісім;

9) консулдық алымның төленгені туралы құжат.

Консулдық лауазымды адам құжаттарды қабылдаған кезде өтініш иесінің жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелерін жасайды, содан кейін өтініш иесіне түпнұсқаларын қайтарып береді.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Сыртқы істер министрінің 29.05.2020 № 11-1-4/178 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Осы Қағидалардың 16-тармағында көзделген құжаттардан басқа Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру туралы өтінішке өтініш берушінің бұрын Қазақстан Республикасының азаматтығына жататындығын растайтын құжаттың көшірмесі қоса беріледі.

17. Қазақстан Республикасы алдында ерекше еңбек сіңірген адамдар немесе тізбеге сай келетін адамдар және олардың отбасы мүшелері осы Қағидалардың 16-тармағында көзделген құжаттарға қоса Қазақстан Республикасының бейінді мемлекеттік органының қолдаухатын ұсынады.

§ 3-параграф. Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу үшін қажетгі құжаттар

18. Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматы шет елдердегі мекемелер арқылы азаматтықтан шығу туралы өтінішіне қосымша мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сауалнама-өтініш;
- 2) өмірбаян (өз қолымен жазылған);
- 3) 3,5 x 4,5 көлемінде фотосурет;
- 4) Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты тұруын растайтын құжат;
- 5) соттылығының болуы немесе болмауы туралы анықтама;
- 6) балаларының туу туралы және неке қию туралы куәліктерінің көшірмелері (бар болған жағдайда);
- 7) шетелдік азаматтықты алу мүмкіндігін растайтын құжат;
- 8) консулдық алымның төленгені туралы құжат;

9) өтініш берушінің Қазақстан Республикасында тұратын жұбайының, ата-анасының немесе оның асырауындағы адамдардың өзіне нотариалды куәландырылған Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуға келісімі және материалдық және өзге де талаптардың жоқ екендігі туралы өтініш-келісімі немесе олардың қайтыс болғаны туралы куәліктердің, азаматты қайтыс болды деп немесе хабарсыз кетті деп тану туралы сот шешімінің көшірмелері (бар болса).

Консулдық лауазымды адам құжаттарды қабылдаған кезде өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелерін жасайды, содан кейін өтініш берушіге түпнұсқаларын қайтарып береді.

Шет мемлекеттің құзыретті мекемесі берген немесе куәландырған не осы тұлғаға арнайы уәкілеттік берілген, оның құзыреті шегінде және ол белгілеген нысан бойынша шет мемлекеттің ресми мөрімен бекітілген құжаттар арнайы куәландыру рәсімінен (заңдастыру немесе апостильдеу) өткеннен кейін ғана қабылданады.

Қағидалардың осы тармағында көзделген құжаттарды қабылдаған кезде өтініш берушілерге Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтатудың құқықтық және өзге де салдары түсіндіріледі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматы бола тұра оның шетелдік азаматтығы танылмайтыны жөнінде Заңның 3-бабының ережелері түсіндіріледі және ол туралы сауалнама-өтініште белгі жасалады.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Сыртқы істер министрінің м.а. 17.11.2022 № 11-1-4/611 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Сыртқы істер министрінің м.а. 08.08.2024 № 11-1-4/408 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

18-1. Алып тасталды – ҚР Сыртқы істер министрінің м.а. 17.11.2022 № 11-1-4/611 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18-2. Алып тасталды – ҚР Сыртқы істер министрінің м.а. 17.11.2022 № 11-1-4/611 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-параграф. Қазақстан Республикасының азаматтығына жататындығын айқындау

19. Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты тұратын адам шет елдердегі мекемелер арқылы Қазақстан Республикасының азаматтығына жататындығын айқындау туралы өтінішке қоса мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) осы Қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша сауалнама-өтініш;
- 2) 3,5 x 4,5 көлемінде фотосурет;
- 3) Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты тұруын растайтын құжат;
- 4) іске қатысты басқа да құжаттар (туу туралы куәлік, еңбек қызметті дәлелдейтін құжат, әскери билет, орта немесе толық орта емес білімі туралы аттестат, диплом, мұрағаттық анықтама - шаруашылық бойынша кітаптан үзінді көшірме, қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасында тұратын фактісін растайтын кемінде үш куәгердің өтініштері).

20. Шет елдердегі мекемелер сауалнама-өтініште көрсетілген мәліметтерді "Бүркіт" БАЖ-ға енгізу арқылы өтініш берушінің Қазақстан Республикасы азаматтығына жататындығын тексеруді жүзеге асырады.

21. "Бүркіт" БАЖ-да өтініш беруші туралы ақпарат болмаған жағдайда шет елдердегі мекемелер өтініш беруші туралы мәліметтерді алу үшін Министрлік арқылы Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарына сұрау жолдайды.

22. Сұрау Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарына "Бүркіт" БАЖ арқылы электронды хабарламаны жолдай отырып қосымша орындалуы мүмкін.

23. Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелері Қазақстан Республикасының азаматтығына тиістілігін тексеру нәтижелері бойынша 7 жұмыс күн ішінде "Бүркіт" БАЖ-дан ақпарат және Министрліктен хабарлама алған күннен бастап өтініш берушіге тексеру нәтижесі туралы жазбаша түрде хабарлайды.

Қазақстан Республикасының азаматтығын растайтындығы немесе азаматтығының жоқтығы туралы анықтама алу жөнінде өтініш түскен жағдайда, шет елдердегі мекемелер еркін нысанда толтырылған тиісті анықтаманы береді.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасының Кодексіне (бұдан әрі – "Салық кодексі") және Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2019 жылғы 20 мамырдағы № 11-1-4/227 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18702 тіркелген) бекітілген Шет мемлекеттің аумағында консулдық әрекеттер жасағаны үшін консулдық алым мөлшерлемелеріне (бұдан әрі – консулдық алым мөлшерлемелері) сәйкес анықтамаларды ресімдеу үшін консулдық алым алынады.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Сыртқы істер министрінің м.а. 17.11.2022 № 11-1-4/611 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтуды тіркеу

24. Заңның 21-бабында көзделген шарттардың болуын растайтын құжаттардың негізінде шет елдердегі мекемелер осы Қағидалардың 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты тұратын адамдардың Қазақстан Республикасы азаматтығын жоғалтуды тіркеу туралы қорытынды жасайды.

24-1. Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты тұратын адамға қатысты Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтуын тіркеу келесі негіздемелер бойынша жүзеге асырылады:

1) шет мемлекеттің азаматтығын қабылдаған адамнан Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтуды тіркеу туралы еркін нысандағы өтініш.

Өтінішпен бірге Қазақстан Республикасының паспорты (түпнұсқа), сондай-ақ шетел азаматы паспортының көшірмесі немесе шет мемлекеттің азаматтығын растайтын басқа құжат қоса беріледі.

Қазақстан Республикасының паспорты болмаған немесе жоғалтып алған жағдайда жазбаша түсініктеме не аталған фактіні растайтын басқа құжат ұсынылады.

2) Қазақстан Республикасы азаматының болу елінің азаматтығын қабылдағаны туралы шет мемлекеттің уәкілетті органының ресми хабарламасы.

Ескерту. Қағида 24-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Сыртқы істер министрінің 29.05.2020 № 11-1-4/178 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Сыртқы істер министрінің м.а. 08.08.2024 № 11-1-4/408 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

24-2. Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалту бойынша құжаттарды қарау кезінде консулдық лауазымды адам шет мемлекеттің азаматтығын алған азаматтың Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары ресімдеген тұрақты тұруға кетуге рұқсатының бар-жоғын тексеруді жүзеге асырады.

Шет мемлекетке тұрақты тұруға кетуге рұқсаты болған жағдайда шетелдегі мекеме Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтуды тіркейді.

Шет мемлекетке тұрақты тұруға кетуге рұқсат болмаған жағдайда шетелдегі мекеме құжаттарды Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарына жібереді.

Ескерту. Қағида 24-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Сыртқы істер министрінің м.а. 08.08.2024 № 11-1-4/408 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

25. Шетелдегі мекеме Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтуын тіркеген күннен бастап он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының халқын құжаттандырудың деректер базасына енгізу үшін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің "Ақпараттық-өндірістік орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын (бұдан әрі – "АӨО" РМК) азаматтықты жоғалтуды тіркегені жөнінде хабардар етеді.

Алынып қойылған Қазақстан Республикасы азаматының паспортын шетелдегі мекеме жояды, Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәліктерін шетелдегі мекеме Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтуын тіркеген күннен бастап бір ай ішінде "АӨО" РМК-ге жолдайды.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сыртқы істер министрінің м.а. 08.08.2024 № 11-1-4/408 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

26. Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтуды тіркеу туралы өтініш берілген жағдайда шетелдегі мекеме өтініш берушіні Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалту тіркелген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде хабардар етеді.

Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтқаны туралы анықтама алуға өтініш түскен жағдайда шетелдегі мекеме өтініш берушіге бес жұмыс күні ішінде еркін нысанда толтырылған тиісті анықтаманы береді.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сыртқы істер министрінің м.а. 08.08.2024 № 11-1-4/408 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

26-1. Консулдық лауазымды адам Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтқан адам туралы ақпаратты "Бүркіт" БАЖ-ға енгізеді.

Ескерту. Қағида 26-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Сыртқы істер министрінің 29.05.2020 № 11-1-4/178 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27. Алып тасталды - ҚР Сыртқы істер министрінің 29.05.2020 № 11-1-4/178 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-тарау. Қазақстан Республикасының азаматтығынан айыруды тіркеу

28. Шет елдердегі мекемелер Қазақстан Республикасының азаматтығынан айыруды Қазақстан Республикасынан тыс тұрақты тұрып жатқан адамдарға, террористік қылмыстар жасағаны үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өмірлік маңызы бар мүдделеріне өзге де ауыр зиян келтірген, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі Ерекше бөлімінің тиісті баптарында көзделген қылмыстарды жасағаны үшін күшіне енген сот шешімі негізінде сол соттың шешімі шет елдегі мекемеге келіп түскеннен кезден бастап 10 жұмыс күн ішінде тіркейді.

29. Қазақстан Республикасының азаматтығынан айыруды тіркеу шет елдегі мекемемен еркін нысанда жасалған қорытындыны (үш данада) жасау арқылы жүзеге асырылады. Қорытындыда сот шешімі келіп түскен адам туралы деректер (Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), туған күні, жері), Қазақстан Республикасының азаматтығынан айыруды тіркеуге негіз көрсетіледі.

Қорытындының бір данасы шет елдегі мекемеде қалады.

30. Жасалған қорытынды екі данада Министрлікке, одан әрі Қазақстан Республикасының халқын құжаттандырудың деректер базасына енгізу үшін Көші-қон қызметі комитетіне жолданады. Сонымен бірге қорытындының бір данасы Министрлікте қалады.

31. Консулдық лауазымды адам Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылған адам туралы ақпаратты "Бүркіт" БАЖ-ға енгізеді.

32. Шет елдегі мекеме болу елдің сыртқы саяси ведомствоны Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылған адамдар туралы және осы шешімнің себебі мен негізі туралы Қазақстан Республикасының азаматтығынан айыруды тіркеген күннен кейін 5 жұмыс күн ішінде жазбаша хабарландырады.

33. Алып тасталды – ҚР Сыртқы істер министрінің м.а. 17.11.2022 № 11-1-4/611 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының
азаматтығы, Қазақстан
Республикасының азаматтығын
жоғалту мен одан айыру және
Қазақстан Республикасының
азаматтығына жататындығын
айқындау мәселелері бойынша
өтініштерді Қазақстан
Республикасының шет елдердегі
мекемелерінің қабылдау, ресімдеу және
қарау
қағидаларына
1-қосымша
Нысан
БЕКІТІЛГЕН

(Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)
қолы
Қазақстан Республикасы шет
елдегі мекемесінің басшысы)
М.О.

№ _____
Қорытынды

20__ ЖЫЛҒЫ " ____ " _____

_____ ҚР азаматтығын/
нан

(Қазақстан Республикасы шет елдегі мекемесінің атауы)

қабылдау/қалпына келтіру/шығу туралы өтінішпен, _____

жылы

_____ туылған _____

(мемлекеттің атауы)

(азаматтығы)

азаматы _____ өтініш

білдірді.

(Т.А.Ә. (бар болған жағдайда))

_____ жылдан бастап _____

аумағында

(мемлекеттің атауы)

тұрақты тұрады.

Қазіргі уақытта мынадай мекенжайда тұрады: _____

Қазақстан Республикасында және басқа елдерде тұратын жақын туыстары

Басқа мәліметтер: _____

Қазақстан Республикасының азаматтығын/нан қабылдау/қалпына келтіру/шығу туралы

өтінішін _____ уәждейді.

_____ азаматтың/
азаматшаның

(Т.А.Ә. (бар болған жағдайда))

Қазақстан Республикасының азаматтығын/нан қабылдау/қалпына келтіру/шығу туралы

өтінішін _____

(ҚР азаматтығын/нан қабылдау/қалпына келтіру/шығу негізі немесе бас тарту негізі) байланысты қанағаттандыруды мүмкін/мүмкін емес деп санаймыз.

Өтініш беруші туралы мәліметтер "Бүркіт" БАЖ-ға енгізілді (Жүйе номері № _____

).

Консулдық алым алынды.

Қосымша _____ парақта.

Қолы _____

20 ____ жылғы " ____ " _____

Қазақстан Республикасының
азаматтығы,
Қазақстан Республикасының
азаматтығын жоғалту мен одан
айыру және
Қазақстан Республикасының
азаматтығына жататындығын
айқындау мәселелері
бойынша өтініштерді
Қазақстан Республикасының
шет елдердегі мекемелерінің
қабылдау, ресімдеу және қарау
қағидаларына
2-қосымша
нысан

Сауалнама – өтініш

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Сыртқы істер министрінің м.а. 17.11.2022 № 11-1-4/611 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Фото

Мені Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдауды / азаматтығын қалпына келтіруді сұраймын.

Сұрақтар	Жауаптар
1. Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)	
2. Бұрын болған барлық тегіңізді, атыңызды және әкеңіздің атын (бар болған жағдайда), оларды қашан, қайда және қандай себеп бойынша өзгерткеніңізді атаңыз	
3. Туған күні, айы, жылы және туған жері (ауыл, қала, аудан, облыс, егер шетелде туылған жағдайда сол елді көрсетіңіз)	
4. Ұлты	
5. Отбасы жағдайы (некеде тұрамын, ажырасқанмын, жесірмін)	
6. Шетелге шығудың алдында тұрған мекенжайы (Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтірген кезде толтырылады)	
7. Соңғы тіркелген орны	
8. Соңғы жұмыс, оқу орны	
9. Білімі және білімі бойынша мамандығы (қайда, қашан және қандай оқу орнын бітірдіңіз)	
10. Бұрын басқа мемлекеттердің азаматтығында (бодандығында) болған жағдайда, оны қайда, қашан және қандай негізде алғаныңызды көрсетіңіз	
11. Сот тәртібімен қылмыстық немесе әкімшілік жауапкершілікке тартылдыңыз ба? Егер тартылсаңыз, онда қашан, кім және не үшін тартты?	
12. Қазақстан Республикасының немесе жеке және заңды тұлғалардың алдында орындалмаған міндеттемелеріңіз бар ма, соның ішінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларына рұқсатнамамен байланысты міндеттемелер	
13. Шет мемлекеттің әскери қызметінен өттіңіз бе, қауіпсіздік қызметінде, әділет органдарында немесе мемлекеттік билік пен басқару органдарында жұмыс атқардыңыз ба?	
14. Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылғанға дейін Қазақстан Республикасында тұрақты тұрған мекенжайыңызды көрсетіңіз (Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтірген кезде толтырылады)	

15. Еңбек жолыңыздың басынан бастап атқарған қызметіңіз (жоғары және орта оқу орындарындағы оқуды, әскери қызметті қоса алғанда).

Ескертпе: Осы тармақты толтырған кезде мекеменің, ұйымның және кәсіпорынның атауын Сіздің жұмыс атқарған кездегі атауына сәйкес көрсетуіңіз қажет. Әскери қызметті лауазымыңыз бен тегіңізді көрсете отырып толтырыңыз. Шартты атауы бар кәсіпорындарды (пошта жәшігі) осындай шартты атауымен көрсетіңіз. Әскери қызметті өткергендігі әскери билеттегі жазбаларға сәйкес көрсетіледі (бар болған жағдайда).

Айы мен жылы	Мекемесі, ұйымы көрсетілген лауазымы	Мекеменің, ұйымның орналасқан жері
--------------	--------------------------------------	------------------------------------

16. Сіздің жақын туыстарыңыз (ата-аналар (ата-ана), балалар, асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек ағалы-інілер мен апалы-сіңлілер (аға-қарындастар), ата, әже, немерелер).

Ескертпе: Осы тармақты толтырған кезде Қазақстан Республикасында тұратын және шетелде тұратын барлық туыстар көрсетіледі. Егер әйелі күйеуінің тегін алған болса, онда оның неке қиғанға дейінгі тегі де көрсетіледі.

Туыстық деңгейі	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)	Туған жылы мен жері	Жұмыс орны, лауазымы	Болу елі, тұрғылықты мекенжайы
-----------------	---	---------------------	----------------------	--------------------------------

17. Жұбайым/зайыбым _____ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдауға/қалпына келтіруге құжаттарды ресімдеуде. (иә/жоқ).

18. Сіздің мекенжайыңыз, телефон нөміріңіз _____

Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдаудың/қалпына келтірудің құқықтық салдары маған түсіндірілді.

Өтініште көрсетілген дербес деректерді өңдеуге келісім беремін. Ұсынылған құжаттардың түпнұсқалығын және баяндалған деректердің шынайылығын растаймын.

Күні және өтініш берушінің қолы _____

Қазақстан Республикасының
азаматтығы, Қазақстан
Республикасының азаматтығын
жоғалту мен одан айыру және
Қазақстан Республикасының
азаматтығына жататындығын
айқындау мәселелері бойынша
өтініштерді Қазақстан
Республикасының шет елдердегі
мекемелерінің қабылдау,
ресімдеу және қарау
қағидаларына
3-қосымша
Нысан

Өтініш-келісім

Мен, _____,
Қазақстан
Республикасының азаматтығын алуға / Қазақстан Республикасының азаматтығын
қалпына

келтіруге өтініш білдіре отырып, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен
заңдарын

сақтауға, Қазақстан Республикасының мүдделерін, оның аумақтық тұтастығын
қорғауға,

мемлекеттік тіл мен оның аумағында тұратын барлық ұлттардың тілдеріне,
әдет-ғұрпына,

дәстүрлеріне құрметпен қарауға, Қазақстан Республикасының күш-құдіретін,
егемендігін

және тәуелсіздігін нығайтуға жәрдемдесуге міндеттенемін.

20__ жылғы " __ " _____

(қолы)

Қазақстан Республикасының
азаматтығы,
Қазақстан Республикасының
азаматтығын жоғалту мен одан
айыру және
Қазақстан Республикасының
азаматтығына жататындығын
айқындау мәселелері бойынша
өтініштерді
Қазақстан Республикасының
шет елдердегі мекемелерінің
қабылдау, ресімдеу және қарау
қағидаларына
4-қосымша
нысан

Сауалнама – өтініш

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Сыртқы істер министрінің м.а.
17.11.2022 № 11-1-4/611 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн
өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Фото

Маған Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуды рәсімдеуге рұқсат беруді сұраймын.

Сұрақтар	Жауаптар
1. Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)	
2. Бұрын болған барлық тектеріңізді, аттарыңызды және әкеңіздің атын (бар болған жағдайда) атап шығыңыз, оларды қашан, қайда және қандай себеп бойынша өзгерткеніңізді атаңыз	
3. Туған күні, айы, жылы және жері (ауыл, қала, аудан, облыс, егер шетелде туылған жағдайда сол елді көрсетіңіз)	
4. Ұлты	
5. Отбасы жағдайы (некеде тұрамын, ажырасқанмын, жесірмін)	
6. Шетелге шығудың алдында тұрған мекенжайы (Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтірген кезде толтырылады)	
7. Соңғы тіркелген орны	
8. Соңғы жұмыс, оқу орны	
9. Білімі және білімі бойынша мамандығы (қайда, қашан және қандай оқу орнын аяқтадыңыз)	
10. Бұрын басқа мемлекеттердің азаматтығында (бодандығында) болған жағдайда, Қазақстан Республикасының азаматтығын қайда, қашан және қандай негізде алғаныңызды егжей-тегжейлі көрсетіңіз	
11. Сот тәртібімен қылмыстық немесе әкімшілік жауапкершілікке тартылдыңыз ба? Егер тартылсаңыз, онда қашан, кім және не үшін тартты?	
12. Қазақстан Республикасының немесе жеке және заңды тұлғалардың алдында орындалмаған міндеттемелеріңіз, соның ішінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларына рұқсатнамамен байланысты міндеттемелеріңіз бар ма	

13. Еңбек жолыңыздың басынан бастап атқарған қызметіңіз (жоғары және орта оқу орындарындағы оқуды, әскери қызметті қоса алғанда).

Ескертпе: Осы тармақты толтырған кезде мекеменің, ұйымның және кәсіпорынның атауын жұмыс атқарған кездегі атауына сәйкес көрсету қажет. Әскери қызметті лауазымыңыз бен тегіңізді көрсете отырып толтырыңыз. Шартты атауы бар кәсіпорындарды (пошта жәшігі) осындай шартты атауымен көрсетіңіз. Әскери қызметті өткергендігі әскери билеттегі жазбаларға сәйкес көрсетіледі (бар болған жағдайда).

Айы мен жылы	Мекемесі, ұйымы көрсетілген лауазымы	Мекеменің, ұйымның орналасқан жері
--------------	--------------------------------------	------------------------------------

14. Сіздің жақын туыстарыңыз (ата-аналар (ата-ана), балалар, асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек ағалы-інілер мен апалы-сіңлілер (аға-қарындастар), ата, апа, немерелер).

Ескертпе: Осы тармақты толтырған кезде Қазақстан Республикасында тұратын және шетелде тұратын барлық жақын туыстар көрсетіледі. Егер әйелі күйеуінің тегін алған болса, онда оның неке қиғанға дейінгі тегі де көрсетіледі.

Туыстық деңгейі	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)	Туған жылы мен жері	Жұмыс орны, лауазымы	Болу елі, тұрғылықты мекенжайы
-----------------	---	---------------------	----------------------	--------------------------------

15. Жұбайым/зайыбым _____
_ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуға құжаттарды ресімдеуде.
(иә/жоқ).

16. Егер жұбайыңыз/зайыбыңыз Қазақстан Республикасының азаматы (-шасы) болмаса, онда оның азаматтығын көрсетіңіз _____

17. Қазақстан Республикасынан шыққан кезде әскери билет тапсырылған мекеменің атауы _____

18. Сіздің мекенжайыңыз, телефон нөміріңіз _____

Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығудың құқықтық салдары түсіндірілді. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының азаматында қос азаматтық танылмайтыны туралы "Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабының шарты түсіндірілді.

Өтініште көрсетілген дербес деректерді өңдеуге келісім беремін. Ұсынылған құжаттардың түпнұсқалығын және баяндалған деректердің шынайылығын растаймын.

Күні және өтініш берушінің қолы _____

Қазақстан Республикасының азаматтығы, Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалту мен одан айыру және Қазақстан Республикасының азаматтығына жататындығын айқындау мәселелері бойынша өтініштерді Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерінің қабылдау, ресімдеу және қарау қағидаларына 4-1-қосымша


"Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерінің Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу жөніндегі құжаттарды ресімдеуі" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

Ескерту. 4-1-қосымша алып тасталды – ҚР Сыртқы істер министрінің м.а. 17.11.2022 № 11-1-4/611 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының
азаматтығы,
Қазақстан Республикасының
азаматтығын жоғалту мен одан
айыру және
Қазақстан Республикасының
азаматтығына жататындығын
айқындау мәселелері
бойынша өтініштерді
Қазақстан Республикасының
шет елдердегі мекемелерінің
қабылдау, ресімдеу және қарау
қағидаларына
5-қосымша
нысан

Сауалнама – өтініш

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Сыртқы істер министрінің м.а. 17.11.2022 № 11-1-4/611 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.



Менің Қазақстан Республикасының азаматтығына жататындығымды айқындауды сұраймын.

Сұрақтар	Жауаптар
1. Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)	
2. Бұрын болған барлық тектеріңізді, аттарыңызды және әкеңіздің атын (бар болған жағдайда) атап шығыңыз, оларды қашан, қайда және қандай себеп бойынша өзгерттіңіз	
3. Туған күні, айы, жылы және жері (ауыл, қала, аудан, облыс, егер шетелде туылған жағдайда сол елді көрсетіңіз)	
4. Ұлты	
5. Отбасы жағдайы (үйленбегенмін/тұрмыс құрмағанмын, некеде тұрамын, ажырасқанмын, жесірмін)	

6. Шет елге шығудың алдында Қазақстан Республикасында тұрған мекенжайы	
7. Соңғы тіркелген орны	
8. Соңғы жұмыс, оқу орны	
9. Білімі және білімі бойынша мамандығы (қайда, қашан және қандай оқу орнын аяқтадыңыз)	
10. Бұрын басқа мемлекеттердің азаматтығында (бодандығында) болған жағдайда, Қазақстан Республикасының азаматтығын қайда, қашан және қандай негізде алғаныңызды егжей-тегжейлі көрсетіңіз	
11. Сот тәртібімен қылмыстық немесе әкімшілік жауапкершілікке тартылдыңыз ба. Егер тартылсаңыз, онда қашан, кім және не үшін тартты?	

12. Еңбек жолыңыздың басынан бастап атқарған қызметіңіз (жоғары және орта оқу орындарындағы оқуды, әскери қызметті қоса алғанда).

Ескертпе: Осы тармақты толтырған кезде мекеменің, ұйымның және кәсіпорынның атауын Сіздің жұмыс атқарған кездегі атауына сәйкес көрсетуіңіз қажет. Әскери қызметті лауазымыңыз бен тегіңізді көрсете отырып толтырыңыз. Шартты атауы бар кәсіпорындарды (пошта жәшігі) осындай шартты атауымен көрсетіңіз. Әскери қызметті өткергендігі әскери билеттегі жазбаларға сәйкес көрсетіледі (бар болған жағдайда).

Айы мен жылы	Мекемесі, ұйымы көрсетілген лауазымы	Мекеменің, ұйымның орналасқан жері
--------------	--------------------------------------	------------------------------------

13. Сіздің мекенжайыңыз, телефон нөміріңіз _____

Өтініште көрсетілген дербес деректерді өңдеуге келісім беремін. Ұсынылған құжаттардың түпнұсқалығын және баяндалған деректердің шынайылығын растаймын.

Күні және өтініш берушінің қолы _____

Қазақстан Республикасының
азаматтығы, Қазақстан
Республикасының азаматтығын
жоғалту мен одан айыру және
Қазақстан Республикасының
азаматтығына жататындығын
айқындау мәселелері бойынша
өтініштерді Қазақстан
Республикасының шет елдердегі
мекемелерінің қабылдау,
ресімдеу және қарау
қағидаларына
6-қосымша
Нысан
БЕКІТІЛГЕН

(Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)
қолы

№ _____

20__ ЖЫЛҒЫ " ____ " _____

Қазақстан Республикасынан тыс тұрақты тұрып жатқан адамның Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтуды тіркеу туралы қорытынды

байланысты

(Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтуды тіркеудің негізі, Заңға сілтеме)

(Қазақстан Республикасының шет елдегі мекемесінің атауы)

_____ азаматқа қатысты

Қазақстан

(Т.А.Ә. (бар болған жағдайда))

Республикасының азаматтығын жоғалтуды тіркеуді жүзеге асырды.

_____ аумағына тұрақты
тұруға

(мемлекеттің атауы)

_____ жылы шыққан.

Қазақстан Республикасынан шыққанға дейінгі мекенжайы:

Қосымша _____ бетте.

Қолы _____

20__ ЖЫЛҒЫ " ____ " _____